

Келісемін: *Нарк*
«Аяна» жеке мектепке дейінгі мекеме
ұйымының әдіскері: Ж.А.Елемесова

«Мақтанышым мемлекетім»
мәнерлеп оқу сайысы



Тәрбиешілер: Адушева А.М
Бақтығалиева А.А

2025-2026 оқу жылы

«Мақтанышым мемлекетім» мәнерлеп оқу сайысы

Жүргізуші: Алия

Айдын шалқар көлім бар
Ну орманды жерім бар
Күннен күнге көркейген
Менің байтақ елім бар

Армысыздар қадірлі қонақтар! Бала тәрбиесінің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып, білім алады. Әр адам өз Отанын сүйіп, құрметтеуге тиіс. Болмасаң да ұқсап бақ дегендей біздің бүлдіршіндерімізде өз Отанына, туған еліне деген сүйіспеншіліктерін ағаларының, апаларының жырларын жаттап, елжанды болып өсіп келе жатқандықтарын дәлелдемек. Сіздердің алдарыңызда кішкентай өнерпаз ұл - қыздарыңыз «Мақтанышым мемлекетім» атты көркемсөз байқауына қатысып өз бақтарын сынамақ.

Жүргізуші: Айгерім

Ал келіндер, келіндер
Бір біріңе еріндер
Көркем сөзбен көмкеріп
Сайысқа қатысып көріндер - деп қатысушы бүлдіршіндерімізді қарсы алайық!

Музыка әуенімен балалар залға кіреді.

Жүргізуші: Алия

Әділ қазы береді
Өздеріңе билікті
Өнерден кім жеңеді
Алады сол сыйлықты - деп қазылар алқасымен таныс болайық.

1. «Аяна» б/б құрылтыпшысы: Жанар Кабдешовна
2. Логопед: Укасова Майра Мендигалиевна
3. Қазақ тілі маманы: Булатова Асель Мендібекқызы

Жүргізуші: Айгерім

Жас ұланмын елімнің
Болам ұл - қыз зор әлі
Қазақстан жалауын
Көтеремін жоғары
ҚР Ән ұраны

Алия Жүргізуші: «Мақтанышым мемлекетім» атты мәнерлеп оқу сайысына балабақшамыздың кіші, ортаңғы, ересек мектепалды даярлық топтарының бүлдіршіндері қатысып отыр. Балалар,

үстел үстінде нөмірленген асықтар берілген. Балалар асықтарды таңдап алады, кімге қай сан түссе, сол реттілік бойынша өнер көрсететін болады.

Айгерім Жүргізуші: «Балдырған» тобының тәрбиеленушісі Нұрланқызы Маржан

«Отан» қарсы алайық.

Алия Жүргізуші: «Ақбота» тобының сайыскерін ортаға шақырайық.

Утегенова Ару «Отан»

Айгерім Жүргізуші: «Ақбота» тобының сайыскерін ортаға шақырайық.

Қанат Хантөре «Қазақстан байрағы»

Алия Жүргізуші: «Күншуақ» тобының сайыскерін ортаға шақырайық.

Утегалиева Алиша «Туған жерім»

Айгерім Жүргізуші: «Күншуақ» тобының сайыскерін ортаға шақырайық.

Нұртілек Нарұл «Көк туым»

Алия Жүргізуші: «Күншуақ» тобының сайыскерін ортаға шақырайық.

Ботагөз «Отан» М.Мақатаев

Айгерім Жүргізуші:

Мәнерлеп оқу сайысы

Қандырар көрермен айызын

Топты қорғап ішінен

Шығасын жарып қайсысың

Әділ қазылар сөз кезегі өздеріңізде.

Марапаттау

Алия Жүргізуші: Осымен «Мақтанышым мемлекетім» атты сайысымыз өз мәресіне жетті.

Бейбіт таңдар арайланып атады

Туған жерді аймалайды шапағы

Байтақ елім Қазақстан

Ең бақытты балалардың Отаны

Айгерім Жүргізуші: Қымбатты балалар, қонақтар! Тұғыры биік елімізде өнерлі, білімді өрісі кеңге жайылған саналы ұрпақтарымыз көп болсын. Талапты бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқын, атар таңы арайлы болсын! Сәт сапар тілейміз!